

Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауы жөніндегі құжаттарды сақтау тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 1995 жылғы 9 қазандағы N 12 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 5 мамырда тіркелді. Тіркеу N 299. Күші жойылды - ҚР орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 2 қазандағы N 33/250 қаулысымен. ~V990931

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952464_ 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулы етті:

Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының сайлауы жөніндегі құжаттарды сақтаудың мынадай тәртібі белгіленсін:

1. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы мәжілістерінің хаттамалары; округтік сайлау комиссияларының Парламент Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамалары: облыстық (қалалық) сайлау комиссияларының Парламент Сенаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамаларының көшірмелері; кандидаттардың есеп карточкалары; облыстық (қалалық) сайлау комиссияларының Парламент Сенаты депутаттарының сайлауында дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамалары; округтік сайлау комиссияларының әр сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары Ортсайлаукомда 5 жыл бойы сақталады, ал одан кейін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне сақтауға беріледі.

2. Округтік сайлау комиссиялары мәжілісінің хаттамалары; сайлау кепіл ақшасын төленгенін растайтын құжаттар қоса тіркелген Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидаттар тіркеу туралы хаттамалардың көшірмелерін, кандидаттарды ұсыну жөніндегі республикалық немесе жергілікті қоғамдық бірлестік жоғары органдарының хаттамасын, сол қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде немесе облыстық (қалалық) әділет басқармасында тіркелгені туралы құжатпен бірге, азаматтың Парламент Мәжілісі депутаттығына кандидат болып дауысқа түсуге келісімі немесе ниеті туралы өтінішін, кандидат туралы өмірбаяндық деректерді қоса; округтік сайлау комиссияларының сайлау округтері Парламент Мәжілісі депутаттары сайлауының нәтижелері туралы хаттамаларының көшірмелері, участеклік сайлау комиссияларын оларға қоса тіркелген дауыс беру нәтижелері туралы

хаттамаларымен бірге сайлау комиссияларын құрған органда 5 жыл бойы сақталып, содан кейін облыстардың мемлекеттік архивіне беріледі.

3. Облыстық (қалалық) сайлау комиссиялары мәжілістерінің хаттамалары, сайлау жарналарының төленгенін растайтын құжаттар қоса тіркелген Парламент Сенаты депутаттығына кандидаттарды тіркеу туралы хаттамаларын, облыстық, қалалық немесе аудандық мәслихаттың кандидат ұсыну туралы шешімдерін, азаматтың Парламент Сенаты депутаттығына кандидат болып түсуге келісім туралы өтінішін, кандидаттың өмірбаяндық деректерін, облыстық (қалалық) сайлау комиссияларының кандидатты жақтаған таңдаушылардың қолдарын тексеру нәтижелері туралы хаттамасын қоса; облыстық (қалалық) сайлау комиссияларының Парламент Сенаты депутаттарының сайлауында дауыстарды санау нәтижелері туралы хаттамаларының көшірмелері сайлау комиссияларын құрған органдарда 3 жыл бойы сақталып, содан кейін облыстардың мемлекеттік архивтеріне сақтауға беріледі.

Облыстық (қалалық) сайлау комиссиялары таңдаушылар тізімдерін осы комиссияларды құрған органдарға береді, мұнда олар жаңа сайлау өткізілгенге дейін сақталып, содан кейін жойылады.

Сайлау бюллетеньдері мен Парламент Сенат депутаттығына кандидаттардың қол қою параптары депутаттардың өкілеттігі біткен мерзімге дейін сақталады, содан кейін актімен жойылады.

4. Участекілік сайлау комиссиялары отырыстарының хаттамалары мен басқа да құжаттары, сайлау округі бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы жөніндегі дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың көшірмелерімен қоса, сайлау комиссияларын құрған органдарда 4 жыл бойы сақталып, сонда кейін белгіленген тәртіппен жойылады.

Әскери бөлімдерінде құрылған участекілік сайлау комиссияларының аталған құжаттары, әскер бөлімдерінің іс-қағаздарында 4 жыл бойы сақталып, ал содан кейін белгіленген тәртіппен жойылады.

5. Участекілік сайлау комиссиялары сайлаушылар тізімдерін осы комиссияларды құрған органдарға береді, мұнда олар жаңа сайлау өткізілгенге дейін сақталып, содан кейін жойылады.

6. Дауыстар есептеліп болғаннан кейін участекілік сайлау комиссиялары Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлауы жөніндегі сайлау бюллетеньдерін (мөрлеп бекітілген қуйінде, соның ішінде есептен шығарылған бюллетеньдер бір бөлек) тиісті округтік комиссияларына жіберіледі, мұны олар облыстық архивтері бірлесіп депутаттардың өкілеттілігі біткен мерзімге дейін сақталуын ұйымдастырады, содан кейін актімен жойылады.

К о м и с с и я х а т ш ы с ы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК